

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
 2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар  
 ЖОСПАРЫ

№ п/п	Іс-шаралар	Орындау нысаны	Орындаушылар	Орындау мерзімі
1.	«Жемқорлық – індет, онымен күресу - міндет» («Коррупция – болезнь, борьба с ней – наш долг») қағидатын санаға енгізе отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдыру бойынша ақпараттық-түсіндіру сипаттағы семинарларды арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттері, жалпыға міндетті білім беру орта мектептерінің оқушылары арасында өткізу.	Аппарат басшысына ақпарат	КҚД, Әдеп жөніндегі уәкіл, құрылымдық бөлімшелер, аумақтық әділет органдары, ведомстволық бағынысты ұйымдар	Тұрақты
2.	Қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық факторларын анықтау үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін кемшіліктерді жою туралы ұсынымдармен ішкі талдау	КҚД, Әділет министрінің кеңесшілері құрылымдық бөлімшелер, ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық әділет органдары	сәуір 2022 жыл
3.	Қолданыстағы заңнаманы бұзу фактілерін анықтау мақсатында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жоспарлы тексерулер жүргізу <i>(негізсіз бас тарту, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу, нормативтік құқықтық актілерде көзделмеген артық құжаттарды талап ету және т. б.).</i>	Жетекшілік ететін Әділет вице-министріне ақпарат	ЦЖМҚАД	Жыл сайын бекітілетін бақылау іс-шаралар жоспарына сәйкес*

4.	Министрліктегі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жағдайына мониторинг жүргізу.	Аппарат басшысына ақпарат	ІӨД, СЖДиЖБ, Әділет министрлігінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру бойынша сараптама комиссиясы	Тоқсан сайын тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне
5.	Атқарушылық іс жүргізу бойынша келіп түскен негізделген шағымдар бойынша себептер мен жағдайларға талдау жүргізу.	Жетекшілік ететін Әділет вице-министріне ақпарат	САОД, аумақтық әділет органдары	10 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей
6.	Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұрудың, тоқтатудың, сондай-ақ олар бойынша ауыртпалықтарды алып тастаудың заңдылығы мәніне мониторинг жүргізу.	Жетекшілік ететін Әділет вице-министріне ақпарат	САОД, аумақтық әділет органдары	10 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей
7.	Сот сараптамаларын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізу.	Министрге ақпарат	ССО, ССҰД	20 желтоқсаннан кешіктірмей
8.	Сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, әділет органдары жүйесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жүргізу ( <i>заңды күшіне енген сот актілерінің, сотқа дейінгі тергеу органдарының іс жүргізу құжаттарының негізінде</i> ).	Аппарат басшысына ақпарат	КҚД	10 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей
9.	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және жұртшылықпен семинарлар, "дөңгелек үстелдер" өткізуді бірлесіп ұйымдастыру.	КҚД ақпарат	Ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық әділет органдары	10 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей
10.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша әділет органдары қызметкерлері үшін семинар өткізу.	Семинар	КҚД Әдеп жөніндегі уәкіл	20 желтоқсаннан кешіктірмей

11.	«Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдар, нотариаттық палаталар, жеке сот орындаушыларының палаталары, адвокаттар алқасы және заң консультанттары өкілдерінің қатысуымен «Әділет органдарының ашық есік күнін» өткізу.	КҚД ақпарат (іс-шараны ұйымдастыру, азаматтардың проблемалық мәселелерін шешу)	Ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық әділет органдары	10 шілдеден және 20 желтоқсаннан кешіктірмей
12.	Министрлікте және аумақтық әділет органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша жүргізілген жұмыс қорытындылары бойынша ақпаратты интернет-ресурста жариялау.	Ақпараттық материалдарды сайтта және БАҚ-та орналастыру	КҚД, Әдеп жөніндегі уәкіл, СЖДЖБ, ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық әділет органдары	Тұрақты
13	Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға, қоғамдағы құқықтық нигилизмді жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу, мақалаларды жариялау және БАҚ-та сөз сөйлеу.	Мақалалар, ақпараттық материалдар, радио мен теледидарда сөз сөйлеу	КҚД, Әдеп жөніндегі уәкіл, аумақтық әділет органдары	Тұрақты
14.	Қызметкерлерді министрліктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ережелерімен таныстыру.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен таныстыру	КҚД	Тұрақты
15	Мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындауы ықтимал ошақтарын анықтау және жолын кесу.	КҚД ақпарат	Құрылымдық бөлімшелер, ведомстволық бағынысты ұйымдар, аумақтық әділет органдары	Тұрақты

*\*- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларының 42-бабы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылы 26 қаңтарда № 14740 болып тіркелді).*